

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросы
басшысының 2025 жылғы
«2» мамырдағы № 105
бұйрығына 1-қосымша



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

**2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығының негізгі
әдіснамалық және ұйымдастырушылық аспектілеріне түсіндірмелер**

Астана, 2025 жыл

Мазмұны

1 тарау. Жалпы ережелер

- | | | |
|----|---|---|
| 1. | <u>Кіріспе</u> | 3 |
| 2. | <u>Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу мәселесін реттейтін құқықтық актілердің тізбесі</u> | 5 |
| 3. | <u>Ауыл шаруашылығы санағының ұраны мен логотипін қолдану</u> | 6 |

2 тарау. Әдістемелік ережелер

- | | | |
|----|--|----|
| 1. | <u>Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу бағдарламасы және санақ парақтарының түрлері</u> | 7 |
| 2. | <u>Ауыл шаруашылығы санағының негізгі сипаттамалары</u> | 8 |
| 3. | <u>Ауыл шаруашылығы санағында деректерді жинау әдістері мен тәсілдері</u> | 10 |
| 4. | <u>Ауыл шаруашылығы санағы үшін бас жиынтықты қалыптастыру (тізімдер жасау) және дереккөздер</u> | 11 |

3 тарау. Ұйымдастырушылық тәсілдер

- | | | |
|----|--|----|
| 1. | <u>Ауыл шаруашылығы санағының негізгі кезеңдері</u> | 12 |
| 2. | <u>Санақ персоналы: құрылымы, жүктеме нормалары, міндеттері, оқыту</u> | 13 |
| 3. | <u>Санақты аудандастыру және ұйымдастыру жоспарын жасау</u> | 15 |
| 4. | <u>Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және үйлестіру</u> | 18 |
| 5. | <u>Бақылап аралап шығу</u> | 18 |
| 6. | <u>Ақпараттық-түсіндіру жұмысы</u> | 19 |
| 7. | <u>Деректерді өңдеу және сапаны бақылау</u> | 20 |

4-тарау. Қорытынды бөлім

- | | | |
|----|---|----|
| 1. | <u>Ауыл шаруашылығы санағының қорытындыларын жариялау</u> | 21 |
|----|---|----|

Қосымшалар

- | | | |
|-----------|--|----|
| 1-қосымша | <u>Ұй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеуге арналған қалалар тізімі</u> | 22 |
| 2-қосымша | <u>Елді мекендердің картографиялық материалын дайындау және пайдалану бойынша түсініктемелер</u> | 23 |
| 3-қосымша | <u>Ұйымдастыру жоспарының кестелері</u> | 25 |
| 4-қосымша | <u>Ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі санақ персоналының саны</u> | 30 |

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Кіріспе

«2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1248 қаулысына сәйкес ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылғы 1 тамыздан бастап 20 қазан аралығында жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (бұдан әрі – ҚР СЖРА) төрағасының 2023 жылғы 20 маусымдағы № 3 бұйрығымен бекітілген Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдерінің 17-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы санағы кемінде он жылда бір рет өткізіледі. Қазақстандағы алғашқы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2006-2007 жылдары өтті және екі кезеңде жүргізілді.

Ауыл шаруашылығы санағының негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығының жай-күйі, оның құрылымы, ауыл шаруашылығы өндірушілерінің санаттары, ресурстардың болуы мен пайдаланылуы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірушілерінің экономикалық сипаттамалары туралы толық және шынайы деректерді алу. Алынған мәліметтер іріктемелі ауыл шаруашылығы зерттеулерін жүргізу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің ауыл шаруашылығы тіркелімін өзектендіруге, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарын және басқа да мүдделі тараптарды агроөнеркәсіптік кешен саласындағы тиімді мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру үшін қажетті объективті ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы 2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығының негізгі әдіснамалық және ұйымдастырушылық аспектілеріне түсіндірмелер (бұдан әрі — Түсіндірмелер) санаққа дайындық және оны жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Бюро), оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – АБ) мен санақ персоналының қолдануына арналған.

Түсіндірмелерде ауыл шаруашылығы санағының мақсаттары мен міндеттері, нормативтік-құқықтық негіз, санақтың негізгі сипаттамалары, деректерді жинау бағдарламасы, байқау жүргізу әдістері, санақ процесінің негізгі кезеңдері мен ұйымдастырылуы, қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібі, сондай-ақ жиналған ақпараттың толықтығы мен сапасын қамтамасыз ететін басқа да аспектілер туралы ақпарат бар.

Негізгі әдіснамалық және ұйымдастырушылық тәсілдер Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (БҰҰ ФАО) дайындаған Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы санағы 2020 (ДАС-2020) бағдарламасына, сондай-ақ БҰҰ ФАО сарапшыларының ұсынымдарын және халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленді.

Түсіндірмелерде келесі анықтамалар қолданылады:

1) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

2) арнайы құрылған комиссия – ұлттық санаққа дайындыққа және оны жүргізуге байланысты ұйымдастырушылық және нұсқаушылық мәселелерді шешу үшін құрылған комиссия;

3) ауыл шаруашылығы кәсіпорны – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сақтаумен және өңдеумен, ауыл шаруашылығы саласында қызмет көрсетумен айналысатын заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;

4) ауыл шаруашылығы құралымдары – ауыл шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары және дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары;

5) әкімшілік дереккөздер – статистикалық қызметті қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық, реттеуіш, іске асыру немесе бақылау функцияларын іске асыру процесінде есепке алу деректерін немесе өзге де деректерді жинауды жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдар, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және өзге де мемлекеттік органдар;

6) әкімшілік деректер – бастапқы статистикалық және балама деректерді қоспағанда, әкімшілік дереккөздер қалыптастыратын жеке немесе заңды тұлға жөніндегі жеке-дара сандық (сандар көмегімен өлшенетін) және (немесе) сапалық (белгілі бір қағидат және (немесе) белгі бойынша құрылған) деректер және шаруашылық бойынша есепке алу деректері;

7) деректі жинау – деректерді қалыптастыруға бағытталған әрекеттер;

8) деректердің сапасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес деректердің пайдалануға жарамдылық дәрежесін көрсететін сипаттама;

9) жеке қосалқы шаруашылық – қызметі ауылдық жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер учаскесінде өз қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған жұртшылық шаруашылығы;

10) жұртшылық шаруашылықтары – жеке қосалқы шаруашылықтар, ұжымдық бақтар және бақшалар, саяжай учаскелері;

11) интервьюер – жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде респонденттер мен үй шаруашылықтарына сауал салуды жүзеге асыратын адам;

12) респондент - статистикалық әдіснамаға сәйкес статистикалық байқау объектісі бойынша деректерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға және оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері;

13) үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект;

14) шаруашылық бойынша есепке алу – үй шаруашылықтары мен шаруа және (немесе) фермер қожалықтары бойынша әкімшілік деректерді қалыптастыру процесі;

15) дара кәсіпкерлікті жүзеге асыру ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалануға және осы өнімді өткізуге тығыз байланысты адамдардың еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады.

2. Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу мәселесін реттейтін құқықтық актілердің тізбесі

Ауыл шаруашылығы санағы оны ұйымдастыру мен жүргізуді регламенттейтін мынадай құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі:

Нормативтік құқықтық актілер:

1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң);

2) «2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысы (бұдан әрі – Қаулы);

3) «Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2023 жылғы 20 маусымдағы №3 бұйрығы (бұдан әрі – Қағида);

4) «2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындалу мен оны жүргізуге байланысты ұйымдастырушылық және нұсқаушылық мәселелерді шешу жөнінде арнайы комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №201-р өкімі (бұдан әрі – Өкім);

5) «Жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес өтеулі қызметтер көрсету шарты бойынша интервьюерлер санын және олар көрсететін қызметтердің құнын есептеуді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №18 бұйрығы;

6) «2025 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 16 қаңтардағы №5 бұйрығы (бұдан әрі – Іс-шаралардың жоспары);

7) «2025 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізуге арналған санақ парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2025 жылғы 12 наурыздағы № 7 бұйрығы.

Жеке қолданылатын құқықтық актілер:

1) «2025 жылы Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы санағын (статистикалық байқау) жүргізу үшін интервьюерлерге жүктеме нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 23 ақпандағы № 30 бұйрығы (бұдан әрі – Жүктеме нормасы);

2) «2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындалу мен оны жүргізу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының м.а. 2024 жылғы 28 ақпандағы №33 бұйрығы;

3) «2025 жылы ауыл шаруашылығы санағын жүргізу барысын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі медиа-жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 1 сәуірдегі № 45 бұйрығы (бұдан әрі – Медиа-жоспар);

4) «2025 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу және 2026-2027 жылдары бастапқы статистикалық деректерді өңдеу бойынша күнтізбелік жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №226 бұйрығы (бұдан әрі – Күнтізбелік жоспар);

5) «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелерінің 2025 жылы ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімдерінің құрылымын, сондай-ақ осы бөлімдердің үлгілік ережесі мен жұмыскерлерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарын

бекіту» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2025 жылғы 6 ақпандағы №38 бұйрығы (бұдан әрі – Бюро басшысының 2025 жылғы 6 ақпандағы №38 бұйрығы);

6) «2025 жылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушылар мен алдын-ала және негізгі аралау интервьюерлерінің орташа жүктеме нормаларын, сондай-ақ олардың санын және өңірлер бойынша бөлуді бекіту» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2025 жылғы 18 ақпандағы №46 бұйрығы;

7) «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелерінің 2025 жылы ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімдері жұмыскерлерінің штат кестесін бекіту» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2025 жылғы 28 ақпандағы №55 бұйрығы;

3. Ауыл шаруашылығы санағының ұраны мен логотипін қолдану

2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағына дайындық аясында іс-шараның маңыздылығын көрсетуге және мақсатты аудиторияның назарын аударуға арналған ресми ұран мен логотип әзірленді.

Логотип



Ұран

Ауыл шаруашылығы – ел байлығы!
Санаққа қатыс, үлес қос!

Ұран санаққа қатысудың және ауыл шаруашылығын дамыту және агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтылығы үшін сенімді ақпарат берудің маңыздылығын көрсетеді. Логотип, өз кезегінде, санақтың көрнекі символы ретінде қызмет етеді, оның танылуын және Бюромен байланысын қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы санағының логотипі Бюроның негізгі логотипін ескере отырып жасалған, оның элементтері ашықтықты, айқындылықты және үнемі жетілдіруге деген ұмтылысты білдіреді. Санақ контекстінде фирмалық стильдің негізгі элементтері, соның ішінде «Q» әрпінің негізгі формасы және Бюромен сәйкестендіруді қамтамасыз ететін түс схемасы сақталады. Бұл ретте графикалар – логотиптің негізгі элементтері – қазақстандық жерлердің құнарлылығын, молдығы мен байлығын бейнелейтін астық және мал шаруашылығы саласын көрсететін бидай масақтары мен ауыл шаруашылығы жануарларының силуэттеріне ауыстырылды.

Сонымен қатар, логотипте санақтың тақырыбы мен жүргізілетін жылын көрсететін «Ауыл шаруашылығы санағы 2025» деген жазу бар.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде бірыңғай стилистикалық тұжырымдаманы қамтамасыз ету үшін ресми құжаттарда, жарнамалық материалдар мен жарияланымдарда бекітілген санақ ұраны мен логотипін пайдалану ұсынылады.

Логотип пен ұранды дұрыс пайдалану үшін санақ брендбукін басшылыққа алған жөн.

2-тарау. Әдіснамалық ережелер

1. Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу бағдарламасы және санақ парақтарының түрлері

2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағы бағдарламасы БҰҰ ФАО ДАС-2020 ұсынымдарына сәйкес, сондай-ақ 2006-2007 жылдардағы алғашқы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу тәжірибесін ескере отырып әзірленді.

ДАС-2020 сәйкес ауыл шаруашылығы санағы бағдарламасына деректердің ұлттық және халықаралық салыстырмалылығын қамтамасыз ететін елеулі белгілер енгізілген.

Анықтама үшін: ДАС-2020-да ауыл шаруашылығы санағы көрсеткіштерінің тізбесі былайша жіктеледі: қолданылатын әдіснамаға қарамастан барлық елдер жинау үшін міндетті, деректердің ең аз жиынтығы болып табылатын елеулі белгілер (23 көрсеткіш); елдердің қалауы бойынша санақ бағдарламасына енгізілуі мүмкін қосымша белгілер (96 көрсеткіш).

ДАС-2020 ұсынымдарына сәйкес 2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағы бағдарламасына барлық маңызды белгілер, ауыл шаруашылығы құралымдарына арналған санақ парағына енгізілген.

2025 жылғы ауыл шаруашылығы санақ бағдарламасы ауыл шаруашылығы субъектілерінің келесі негізгі сипаттамаларын қамтиды:

- 1) қызмет түрлері бойынша санақ субъектілері;
- 2) ауыл шаруашылығы инфрақұрылымы объектілеріне қол жеткізу;
- 3) еңбек ресурстары;
- 4) негізгі жыныс-жас топтары бөлінісінде ауыл шаруашылығы жануарларының саны, оларды ұстау жүйелерін қоса алғанда;
- 5) балық шаруашылығы саласындағы шаруашылықтардың сипаттамасы;
- 6) жер ресурстары және оларды пайдалану, суару жүйелері;
- 7) жабық топырақтағы көкөністерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптары, тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану;
- 8) ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу арналары;
- 9) өндірістік құрылыстар мен имараттардың болуы;
- 10) органикалық өнім өндіру;
- 11) ауыл шаруашылығы емес қызмет;
- 12) шаруашылық қызметті жүргізу шарттары;
- 13) өндірістік кооперация.

Санақ объектілері туралы мәліметтерді жинау үшін негізгі кезеңде нұсқаулықтары бар санақ парақтарының екі түрі бекітілді («2025 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін санақ парақтарын бекіту туралы» Бюро басшысының бұйрығы):

2-АШК/ШФҚ – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, шаруа (фермер) қожалықтарына және дара кәсіпкерлерге арналған, сұрақтардың толық көлемін қамтиды.

3-ЖҚШ – жеке қосалқы шаруашылықтар үшін қолданылады, негізгі көрсеткіштерді қамтиды.

Қосымша, қалалардағы жер учаскелері бар үй шаруашылықтарын алдын ала жаппай аралауды (листингті) жүргізу үшін «Үй шаруашылықтарын алдын ала аралау тізімі» 1-СПО санақ парағы көзделген.

Бұл кезең 600 м² (6 акр) астам учаскелерде жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын немесе ауыл шаруашылығы жануарларын ұстайтын шаруашылықтардың бас (нысаналы) жиынтығын қалыптастыруға арналған. Алдын ала аралап шығу маңызды емес объектілерді алып тастап, зерттеуге жататын шаруашылықтарды дәл анықтауға мүмкіндік береді. Бас жиынтықтан қалалардағы санақтың негізгі кезеңінде зерттеуге арналған ЖҚШ іріктемелі жиынтығы құрылады.

2. Ауыл шаруашылығы санағының негізгі сипаттамалары

Ауыл шаруашылығы санағының толықтығы үш негізгі аспект бойынша бағаланады.

Қызмет түрлерін қамту – санақ ауыл шаруашылығының мынадай негізгі салаларын қамтиды: өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық шаруашылығы, қолданыстағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес (ЭҚЖЖ 01.1–01.6 «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» және 03.2 «Балық шаруашылығы»).

Статистикалық бірліктерді қамту – ауыл шаруашылығы өндірісіне айтарлықтай әсер етпейтін үй шаруашылықтарын қоспағанда, барлық ауыл шаруашылығы құралымдары, жеке қосалқы шаруашылықтары зерттеледі.

Аумақтық қамту – санақ республикалық маңызы бар қалаларды, облыс орталықтарын (барлығы 20 қала) және саяжай учаскелерін қоспағанда, елдің барлық әкімшілік-аумақтық бірліктерін қамтиды.

Осылайша, республикалық маңызы бар қалалардағы, облыс орталықтарындағы (барлығы 20 қала) және саяжай учаскелеріндегі үй шаруашылықтары зерттелмейді.

Анықтама үшін: Арнайы комиссия төрағасының 2025 жылғы 23 қаңтардағы №21-03/хаттамалық тапсырмасы.

Санақтың есепке алу күні және есепке алу кезеңі.

Мал басының, құрылыстардың, ауыл шаруашылығы техникасының, инфрақұрылымға қол жетізу туралы ақпарат есепке алу күні – 2025 жылғы 1 тамызда жиналады. Бұл ретте жекелеген көрсеткіштер белгілі бір кезеңдер үшін есепке алынады: егіс алқаптары – 2025 жылғы егіс үшін, еңбек ресурстары – есепке алу күнінің алдындағы соңғы 12 айдағы.

Санақ субъектілері мен объектілері.

Ауыл шаруашылығы санағының субъектілері:

- ауыл шаруашылығы құралымдары: ЭҚЖЖ 01.1–01.6 «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» және 03.2 «Балық шаруашылығы» кодтарына сәйкес ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер (ДК), шаруа (фермер) қожалықтары (ШФҚ);

- жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарларын ұстайтын үй шаруашылықтары.

Санақ объектілері:

- жер және егіс алқаптары (2025 жылғы егінге),

- ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының саны,

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары,
- жануарлар мен құстарды ұстауға арналған өндірістік ғимараттар мен үй-жайлар,
- ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар.

Санақ субъектілерінің құқықтары мен міндеттері.

Қағидаға сәйкес санақ парақтарындағы жазбалар респонденттер құжаттамалық растаусыз ауызша немесе жазбаша хабарлайтын мәліметтер негізінде жүргізіледі.

Заңның 21-бабына сәйкес респонденттер ұлттық санақ барысында бастапқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде беруге міндетті. Жиналған барлық ақпарат тек статистикалық мақсаттарда пайдаланылады және олар жеке немесе заңды тұлғаға мүліктік және моральдық зиян келтіру, олардың құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуын қиындату мақсатында пайдаланылмауға тиіс.

Ақпараттың құпиялылығы.

Ауыл шаруашылығы санағы барысында алынған мәліметтер бастапқы статистикалық деректерге жатады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс. Олар нақты респонденттер туралы деректерді жарияламай, ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру үшін ғана пайдаланылады.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес респондентті тікелей немесе жанама сәйкестендіруге немесе ол туралы бастапқы статистикалық деректерді анықтауға мүмкіндік беретін статистикалық ақпарат пен деректер базасы құпия болып табылады және заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, респонденттің келісімі болған кезде ғана таратылуы мүмкін.

Әкімшілік және балама деректерді пайдалану.

2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағын жүргізу кезінде деректердің сапасын арттыру, қателерді азайту және респонденттерге жүктемені азайту үшін Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің әкімшілік деректерін, ғарыштық мониторинг деректерін пайдалану, сондай-ақ тұрақты ағымдағы статистикалық зерттеулердің нәтижелерін іске қосу қарастырылған:

- 1) «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» АЖ – ауыл шаруашылығы жануарларының саны туралы деректер;
- 2) «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» АЖ (ЖБМК) – жер ресурстары туралы мәліметтер;
- 3) «Ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тіркелімі» АЖ (АТМТ) – ауыл шаруашылығы техникасының болуы туралы ақпарат;
- 4) «Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі» АЖ (СМАЖ) – субсидиялар және ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау шаралары туралы деректер;
- 5) Электрондық шаруашылық бойынша есеп;
- 6) «Егін егу қорытындылары туралы есеп» 4-АШ, «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы мақсатындағы құрылыстар мен ғимараттардың болуы» 49-аш және «Қорғалған топырақта ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау туралы» 1-жылыжай нысандары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың нәтижелері.

3. Ауыл шаруашылығы санағында деректерді жинау әдістері мен тәсілдері

2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағын жүргізу кезінде классикалық тәсіл қолданылады, онда санақ белгіленген кезең ішінде толық және сенімді деректерді жинауға мүмкіндік беретін біржолғы жаппай зерттеу ретінде қарастырылады.

Байқау әдістері. Бұл әдіс аясында жаппай және іріктемелі зерттеудің үйлесімділігі көзделген.

Жаппай зерттеу:

1) ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа (фермер) қожалықтары, дара кәсіпкерлер;

2) ауылдық жерлерде және қала үлгісіндегі кенттерде жеке қосалқы шаруашылықтарына қатысты жүргізіледі.

Іріктемелі зерттеу қалалардағы ЖҚШ үшін қолданылады, олардың ауыл шаруашылығы өндірісіне қосатын үлесі шамалы болуына байланысты республикалық деңгейде олардың жалпы санының орта есеппен кемінде 7-10% қамтиды. Бұл әдіс шығындарды оңтайландыруға, респонденттерге жүктемені азайтуға және нәтижелердің репрезентативтілігін қамтамасыз ете отырып, деректерді жинау тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

70 қаладағы үй шаруашылықтары іріктемелі зерттеумен қамтылады (1-қосымша). Қала үлгісіндегі (қалалық жер) кенттерде жаппай зерттеу жүргізіледі.

Іріктемелі жиынтықты қалыптастыруды іріктемелі зерттеулерге жауапты тиісті құрылымдық бөлімше жүзеге асырады. Іріктеме аумақтық стратификацияны ескере отырып, ықтимал кездейсоқ әдіспен жер учаскелері бар үй шаруашылықтарын жаппай аралау – листинг нәтижелері бойынша қалыптастырылған бас (нысаналы) жиынтық негізінде қалыптастырылады.

Деректерді жинау тәсілдері.

2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағы шеңберінде деректерді жинаудың екі негізгі әдісі көзделген:

1) sanaq.gov.kz (CAWI) Web-қосымшасы арқылы өзі толтыру арқылы.

Бұл әдіс негізінен ауыл шаруашылығы құралымдарына (ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа қожалықтары, ДК) бағытталған, бірақ жеке қосалқы шаруашылықтар үшін де қолжетімділік ашық. Толтыру мерзімі: 2025 жылғы 1-31 тамыз.

Кірістірілген форматтық-логикалық бақылаулар енгізілген деректердің дұрыстығын автоматты түрде тексереді және респонденттерге ықтимал қателер туралы хабарлайды.

Бұл ретте сауалнамадан өтуді автоматты түрде тіркей отырып, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер онлайн-санақ жүйесіне қосу көзделген.

2) Планшеттерді пайдаланумен жеке сұхбат жүргізу (CAPI).

2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін өткізіледі және sanaq.gov.kz web-қосымшада онлайн сауалнаманы толтырмаған немесе аяқтамаған жеке қосалқы шаруашылықтарға бағдарланған. Ерекше жағдайларда онлайн форматта сауалнамадан өтпеген ауыл шаруашылығы құралымдарына сауалнама жүргізіледі. Сауалнаманы кірістірілген форматты-логикалық бақылауы бар планшеттік құрылғыларды қолдана отырып интервьюерлер жүргізеді, бұл қателерді бірден анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді.

САWI мен САPI арасындағы аралық кезең, 2025 жылғы 1-20 қыркүйек аралығындағы кезең сауалнаманы онлайн толтырған респонденттерді сауалнамаға қатысушылардың тізімінен шығаруға және аудандастырудың соңғы кезеңін өткізуге және интервьюерлер үшін есеп учаскелерін дайындауға арналған.

4. Ауыл шаруашылығы санағы үшін бас жиынтықты қалыптастыру (тізімдер жасау) және дереккөздер

Санақ субъектілерінің бас жиынтығының сапасы санақты сәтті өткізу үшін өте маңызды және кейбір жағдайларда күрделі міндет болып табылады.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің әрбір санаты үшін жеке тізім қалыптастырылады:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер (ДК), шаруа (фермер) қожалықтары (ШҚҚ);

- жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе қалалық және ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы жануарларын ұстайтын үй шаруашылықтары.

Ұлттық статистикалық практикада ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін субъектілерді есепке алудың негізгі құралы Ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімі (АШТ) болып табылады. Ол жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу үшін қолданылады. АШТ үшін ақпарат көздері: статистикалық бизнес-тіркелім (СБТ), әкімшілік дереккөздер болып табылады.

АШТ ауыл шаруашылығы қызметі субъектілерінің ұйымдастырылған және жүйеленген тізбесін білдіреді, ол мыналарды қамтиды:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары,
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, сақтаумен, қайта өңдеумен, сондай-ақ аграрлық салада қызметтер көрсетумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарын (ЖК/ШФҚ) қоса алғанда, дара кәсіпкерлік субъектілері,
- ауылдық жерлердегі үй шаруашылықтар.

АШТ негізгі үш бөлімді қамтиды:

әкімшілік – сәйкестендіру деректерін қамтиды: коды, кәсіпорынның, кәсіпкерлік субъектісінің атауы, сондай-ақ үй шаруашылығы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы,

жіктелімдік – статистикалық жіктеу кодтарын қамтиды (негізгі және қосалқы қызмет кодтары, мөлшерлілігі, ахуалдық код және басқа атрибуттар),

экономикалық – негізгі есепке алу құралдарының болуы мен сипаттамалары туралы мәліметтер бар: жер учаскелері, егіс алқаптары, мал басы және т. б.

АШТ берілген параметрлер бойынша санақ субъектілерінің тізімін жасау үшін барлық қажетті атрибуттарды қамтиды. Санақ мақсатында ЭҚЖЖ 01.1-01.6 «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, сондай-ақ осы салаларда қызметтер көрсету» және 03.2 «Балық шаруашылығы» сәйкес негізгі және/немесе қосалқы қызмет түрлері бар субъектілер қамтылады.

Қызмет түріне қарамастан, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерге санақтың қолжетімділігін арттыру үшін sanaq.gov.kz Web-қосымшасы арқылы санақ парақтарын өз бетінше толтыру мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте субъектілер ЭҚЖЖ

сәйкес қызметтің өзекті түрлерін көрсетуі тиіс, бұл ауыл шаруашылығы өндірушілері туралы мәліметтерді қосымша өзектендіруге мүмкіндік береді.

Алайда, АШТ қалалардағы үй шаруашылықтарының тізімін қалыптастыру қажеттілігін толық қанағаттандырмайды. Бұл жағдайда тізім алдын-ала аралап шығу (листинг) арқылы жасалады. Листинг кезінде интервьюерлер жер учаскесі бар немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар әрбір үй шаруашылығына барады және 1-СПО санақ парағын толтырады. Бұл парақта белгілі бір үй шаруашылығының санақтың мақсатты жиынтығына жататындығын анықтайтын бірнеше сұрақ бар.

Қалалардағы жер учаскелері мен ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтарының тізімін жасаудың алдын ала кезеңінде әртүрлі көздерден алынған деректер жұмылдырылады. Олардың ішінде: жеке тұрғын үй құрылыстарын және 1-4 пәтері бар бір қабатты объектілерді қамтитын тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі; ЖТҚ-ға арналған жер учаскелері туралы мәліметтер беретін «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» АЖ; «Мекенжай тіркелімі» АЖ; сондай-ақ мал басы туралы деректерді қамтитын «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» АЖ-дан қалалық жерде ауыл шаруашылығы жануарларының иелері туралы ақпарат.

АШТ қолдану және листинг жүргізу ауыл шаруашылығы санағы субъектілерінің тізбесінің толықтығы мен шынайылығының жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3 тарау. Ұйымдастырушылық тәсілдері

1. Ауыл шаруашылығы санағының негізгі кезеңдері

Ауыл шаруашылығы санағы үш кезеңнен тұрады: дайындық, негізгі және қорытынды.

- Дайындық кезеңінде іс-шаралар жоспары, пилоттық санақ жүргізу тәртібі, санақ парақтары және әдістемелік құралдар әзірленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен шарттар жасаса отырып, санақ персоналын іріктеу, оқыту және жалдау, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

Анықтама үшін: 2024 жылғы 20 тамыздан 30 қыркүйекке дейін пилоттық санақ жүргізілді, оның барысында санақ парақтары, бағдарламалық жасақтама, мобильді және Web-қосымшалар сынақтан өткізіледі, сондай-ақ деректерді жинау және өңдеу процестері сыналды. Пилоттық санаққа 45,7 мың респондент қатысты. sanaq.gov.kz Web-қосымшадағы онлайн сауалнама 18,6 мың респондентке санақ парақтарын дербес толтыруға мүмкіндік берді, оның ішінде 13,3 мың ұйымдасқан шаруашылық және 5,3 мың үй шаруашылығы (жалпы санының 18%). Бюроның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері 32,4 мың үй шаруашылығын аралап шықты, оның 27,1 мың респондентке сауалнама (жалпы санының 83,5%) жүргізілді.

- 2025 жылғы 1-30 маусым аралығындағы негізгі кезеңде қалаларда (барлығы 70 қала) жер учаскелері бар үй шаруашылықтарын алдын ала жаппай аралау (листинг) жүргізіледі.

2025 жылғы 1 тамыздан 20 қазанға дейін санақтың негізгі кезеңі өткізіледі, оған респонденттердің сауалнамасы, сондай-ақ сауалнама кезеңінде және/немесе респонденттердің сауалнамасы аяқталғаннан кейін осы санақ парақтарының

дұрыстығын және респонденттерді қамтудың толықтығын анықтау үшін іріктеп бақылау айналымы кіреді.

- Соңғы кезең деректерді өңдеу мен талдауды, қорытындылауды және оларды ресми жариялауды қамтиды.

2. Санақ персоналы: құрылымы, жүктеме нормалары, міндеттері, оқыту

2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін деректерді ұйымдастыруды, үйлестіруді және тікелей жинауды қамтамасыз ететін санақ персоналы қалыптастырылады.

Аймақтық деңгейдегі санақ персоналының құрылымына мыналар кіреді:

- 2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлім (бұдан әрі – санақ бөлімі) процесті үйлестіруді, әдіснамалық сүйемелдеуді және алғашқы статистикалық деректер сапасын бақылауды жүзеге асырады (*2025 жылғы 1 наурыздан бастап, 10 ай*);

- санаққа дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушылар интервьюерлерді оқытуға, дала жұмыстарын ұйымдастыруға және әдіснаманы сақтауға жауапты (*7 ай, қалаларда – 2025 жылғы 1 мамырдан бастап, ауылдық жерлерде, қалалық үлгідегі кенттерде – 2025 жылғы 1 маусымнан бастап*);

- интервьюерлер респонденттерге сауалнама жүргізеді, электрондық форматта санақ парақтарын толтырады және деректерді өңдеу үшін жібереді (*алдын ала кезеңде (листинг) 1-30 маусымнан бастап, негізгі кезеңде – 2025 жылғы 20 қыркүйек-20 қазаннан бастап*).

Санақ персоналының жалпы саны нұсқаушылық және есеп учаскелерінің саны негізінде айқындалады және «2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімдер қызметкерлерінің штат кестесін бекіту туралы» Бюро басшысының бұйрығымен бекітіледі. Ауыл шаруашылығы санағын дайындау және өткізу жөніндегі санақ персоналының саны 4-қосымшаға сәйкес өңірлер бойынша бөлінген.

Санақ персоналының құқықтары мен міндеттері үлгілік нұсқаулықтар негізінде әзірленген олардың лауазымдық нұсқаулықтары Бюро басшысының 2025 жылғы 6 ақпандағы № 38 бұйрығымен бекітілген.

Санақ персоналының негізгі міндеттері.

Санақ бөлімі (бөлім басшысы және инспекторлар):

- жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

- ұйымдастыру іс-шараларын жүргізеді: санақ іс-шараларына дайындық және оны жүргізу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, нұсқаушылар мен интервьюерлерді іріктеу, жалдау және оқыту бойынша жұмыс жоспарларын жасайды;

- барлық деңгейлерде санақ барысына мониторинг және бақылау жүргізеді;

- респонденттердің бас жиынтығын (тізімдерін) қалыптастырады;

- бастапқы статистикалық деректерді талдайды және оларды тексеруді қамтамасыз етеді.

(Үәкілетті) нұсқаушылар:

- интервьюерлерді санақ әдіснамасы мен рәсімдері бойынша оқытуды жүргізеді;

- дайындық іс-шараларын орындауды және дала жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асырады;
- интервьюерлер жұмысының сапасын бақылайды және әдіснаманың сақталуына мониторинг жүргізеді;
- деректерді жинау мәселелері бойынша консультациялық және әдіснамалық қолдау көрсетеді;
- ауыл шаруашылығы санағын толық қамтуды, бастапқы деректердің сапасын қамтамасыз етеді;
- деректердің дұрыстығын тексеру үшін бақылап аралап шығуды жүргізеді;
- картографиялық материалды өзектілендіруді (жаңартуды) жүргізеді;
- респонденттерге сауалнама жүргізеді және санақ парақтарын толтырады (қажет болса);
- санақ парақтарын толықтығы мен логикалық сәйкестігін тексереді;
- ақпараттың құпиялылық қағидаттарын сақтайды;
- деректерді жинау кезінде туындайтын проблемалар туралы Санақ бөліміне жедел хабарлайды.

Интервьюердің негізгі міндеттеріне:

- респонденттер тізімімен, өз учаскесінің шекарасымен танысу;
- белгіленген әдіснамалық талаптарды сақтай отырып, респонденттерге тікелей (жеке) бару, алынған мәліметтерді планшетке енгізу арқылы сауалнама жүргізу;
- өзінің есеп (тіркеу) учаскесінде барлық респонденттерді сапалы және толық есепке алуды, анық ақпарат жинауды және толтырудың дұрыстығын қамтамасыз ету;
- ақпараттың құпиялылық қағидаттарын сақтау;
- оған бекітілген нұсқаушымен тығыз қарым-қатынас кіреді.

Аумақтық статистика бөлімшелері Бюро бекіткен мерзімдерге сәйкес санақ жүргізу кезеңіне санақ персоналын тартады. Санақ бөлімінің қызметкерлері мен нұсқаушылары еңбек шарттарын жасасады, ал интервьюерлермен ақылы қызмет көрсету шарттары ресімделеді.

Интервьюерлердің еңбегіне ақы төлеу *Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 18 «Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес өтеулі қызметтер көрсету шарты бойынша интервьюерлер санын және олар көрсететін қызметтердің құнын есептеуді бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі.*

Санақ персоналын оқыту. Оқыту каскадты әдіспен жүзеге асырылады, ол білімнің кезең-кезеңімен берілуін және әдіснаманың біркелкілігін қамтамасыз етеді:

- орталық деңгейде – санақ бөлімінің қызметкерлері санақ әдіснамасы, құралдары және ұйымдастыру бойынша тереңдетілген оқытудан өтеді.
- өңірлік деңгейде – өңірлерде санақ жүргізуге жауапты нұсқаушыларды оқыту, бұдан әрі нұсқаушылар алған білімдерін респонденттермен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын интервьюерлерге береді.

Нұсқаушылардың білімін бақылауды облыстық, қалалық және аудандық статистика басқармаларының басшылары мен мамандары жүзеге асырады.

Оқыту бағдарламасы теориялық (оқыту платформасы) және практикалық бөліктерден тұрады. Оған санақ жүргізу тәртібі мен санақ парақтарын толтыру жөніндегі нұсқаулықтар, картографиялық материалмен жұмыс, сұхбат жүргізу және

нысандарды толтыру бойынша практикалық сабақтар, деректердің сапасын қамтамасыз ету әдістері, мобильді қосымшалармен жұмыс, ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ бақылау тестілеуі кіреді.

Интервьюерлердің жұмысын мониторингтеу үшін деректерді жинаудың сапасы мен уақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін тиімділіктің негізгі индикаторлары көзделген. Бұл индикаторлар процестің ашықтығын қамтамасыз етеді және ықтимал бұзушылықтарды немесе әдіснамадан ауытқуларды тез анықтауға көмектеседі:

- сауалнаманың орташа ұзақтығы - әдеттен тыс қысқа немесе ұзақ сұхбаттарды анықтауға мүмкіндік береді, бұл сауалнамаларды ресми түрде толтыру немесе респонденттермен қарым-қатынастағы қиындықтар сияқты ықтимал бұзушылықтарды көрсетуі мүмкін;

- сауалнама объектілері арасындағы қозғалыстар (GPS-трекинг) – интервьюерлердің әр объектіге бару уақыты мен координаттарын тіркей отырып, маршруттарын бақылайды. Бұл деректердің бұрмалануын болдырмауға көмектеседі және сұхбаттың нақты жүргізілгенін растайды;

- толтырылған сұрақтар саны – ақпарат жинаудағы ықтимал қателер мен олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді;

- санақ парақтарын нақтылау/пысықтау үшін қайтару жиілігі – интервьюерлердің деректерді түзетуді қажет ететін қателіктерді қаншалықты жиі жіберетінін көрсетеді. Қайтарудың жоғары пайызы ақпарат жинау сапасының жеткіліксіздігін көрсетуі мүмкін;

- санаққа қатысудан бас тарту пайызы – интервьюерлердің респонденттермен өзара әрекеттесу деңгейін көрсетеді, проблемалық учаскелерді анықтауға және қарым-қатынас стратегиясын түзетуге көмектеседі;

- бақылап аралап шығу негізінде енгізілген деректерді түзету саны – толтырылған нысандарға қаншалықты жиі өзгерістер енгізілетінін көрсетеді.

Осы көрсеткіштердің барлығы интервьюерлер жұмысының тиімділігін бағалау және қорытынды деректердің сапасын арттыру үшін «Аудандастыру» АЖО модулінде қалыптастырылады.

3. Санақты аудандастыру және ұйымдастыру жоспарларын құру

Санақты аудандастыру – деректерді жинауды тиімді ұйымдастыру мақсатында аумақты нұсқаушылық және есеп (тіркеу) учаскелеріне бөлу процесі. Оның негізгі міндеті санақ объектілерін толық қамтуды қамтамасыз ету, қайталанулар мен түсіп қалуды болдырмау, сондай-ақ санақ персоналына жүктемені ұтымды бөлу. Сауатты аудандастыру шығындарды азайтуға, интервьюерлерді ыңғайлы бағыттауға және ақпарат жинау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Интервьюерлердің қозғалысында қиындықтарды болдырмау үшін аумақты бөлу табиғи шекараларды (өзендер, темір жолдар, көлік магистральдары) ескере отырып жүргізіледі.

Жоспар жеке шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы құралымдары үшін бөлек аудандастыруды көздейді.

Аудандастыру негізінде учаскелердің келесі түрлері қалыптасады:

- нұсқаушылық учаскелер (НУ) – бірнеше есеп (тіркеу) учаскесін қамтиды және оларды санаққа дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушылар (бұдан әрі – нұсқаушылар) басқарады. Әдетте, 1 НУ 4 есеп немесе тіркеу учаскесінен тұрады;

- ЖҚШ арналған есеп учаскелері (ЕУ) - интервьюерлерге бекітілген аумақтар, ол санақтың негізгі кезеңінде аралап шығуды ұйымдастыру үшін елді мекеннің бір бөлігін, бірнеше елді мекенді немесе жеке үй шаруашылықтарын қамтуы мүмкін;

- ауыл шаруашылығы құралымдарына арналған есеп учаскелері (ЕУ) - ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, шаруа және фермер қожалықтарын, сондай-ақ белгілі бір аумақта қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерді қамтиды;

тіркеу учаскелері (ТУ) – есеп учаскелеріне ұқсас, бірақ алдын ала аралап шығуға (листингке) арналған.

Санақты аудандастыру санақ субъектісіне байланысты ерекшеленеді, өйткені ауыл шаруашылығы құралымдары негізінен санақтан онлайн режимінде өтеді деп күтілуде, ал дара кәсіпкерлер арасында бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен (пилоттық жоба бойынша – 18%).

ЖҚШ үшін санақты аудандастыру екі кезеңде жүргізіледі:

1. Алдын ала кезең.

Респонденттердің толық тізімі қалыптастырылады, санақтан онлайн-форматта өту ықтималдығы жоғары аудандар бөлінеді (мысалы, цифрландырылған ауылдық округтер, қалалық жер), интервьюерлерге жүктеме онлайн-сауалнаманы ескере отырып анықталады (норманың 10-15% - ға артуы). Есеп учаскелерін қалыптастыру және жүктеменің ұлғайған нормасын ескере отырып, нұсқаушылық және есеп учаскелерінің алдын ала шекараларын белгілеу жүргізіледі.

Әрі қарай интервьюерлерге қажеттілікті алдын-ала есептеу жүргізіледі.

2. Соңғы кезең.

Онлайн сауалнама аяқталғаннан кейін жүргізіледі: тек санақтан өтпеген немесе өз бетінше аяқтамаған респонденттерді қамтиды. Бекітілген жүктеме нормалары (бастапқы мәндерге оралу) негізінде есеп учаскелеріне түзету жүргізіледі.

Интервьюерге жүктеменің орташа нормалары

Ауыл шаруашылығы санағы субъектілері	Санақ кезеңіндегі интервьюерлерге жүктеме нормасы (30 жұмыс күні), бірлік		Интервьюерлерге жүктеме нормасы 1 күн, бірлік	
	алдын ала аралап шығу	негізгі аралап шығу	алдын ала аралап шығу	негізгі аралап шығу
Ауыл шаруашылығы құралымдары (АШК/ШФҚ/ДҚ)	-	330		11
ЖҚШ (70 қала)	1380	480	46	16
ЖҚШ (аулы, қала үлгісіндегі кенттер)	-	540		18

* Жүктеме нормаларына сәйкес

Осы кезеңде нұсқаушы НУ/ЕУ-дегі барлық санақ объектілерінің толықтығын тексереді, схемалық карталардағы есеп учаскелерінің соңғы шекараларын анықтайды.

Елді мекендегі ЖҚШ санына, оның басқа елді мекендерден қашықтығына және басқа да маңызды факторларға байланысты интервьюерлерге жүктеменің орташа нормаларынан $\pm 10-20\%$ шегінде ауытқуға жол беріледі. Алайда мұндай ауытқулар өңірдегі интервьюерлердің еңбегіне ақы төлеуге бөлінген бюджет қаражатының белгіленген лимиті шегінде қалуы тиіс. Бұл ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ете отырып, жүктемені бөлуге икемді болуға мүмкіндік береді.

Түпкілікті аудандастыру аяқталғаннан кейін санақ персоналының нақты саны айқындалады, дала жұмыстарының графигі жасалады және интервьюерлерге есеп учаскелерін бекіту жүзеге асырылады.

Осыған байланысты респонденттердің онлайн-қатысу мониторингі автоматты түрде жүргізіледі, түпкілікті аудандастыруды онлайн сауалнама аяқталғанға дейін 5-7 күн бұрын алдын ала бастау ұсынылады.

Алдын ала аралап шығу (листинг) үшін санақты аудандастыру 2025 жылғы мамырда жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы құралымдарын аудандастыру да 2 кезеңде жүргізіледі. Бұл ретте төмен белсенділікті анықтау, аяқталмаған есептерді жедел мониторингілеу және онлайн-сауалнамадан өткен ауыл шаруашылығы құралымдарының типтік емес және күмәнді деректерін нақтылау үшін жауапты қызметкерлерге немесе нұсқаушыларға бекіту үшін учаскелерге алдын ала бөлу талап етіледі. Бұл онлайн санақ процесін жедел бақылауды және туындаған сұрақтарға уақтылы жауап беруді қамтамасыз етеді.

Онлайн-сауалнама аяқталғаннан кейін ауыл шаруашылығы құралымдарының нақтыланған тізілімін қалыптастыру, онлайн санақтан өткен респонденттерді алып тастау және ауыл шаруашылығы құралымдарын есеп учаскелеріне түпкілікті бөлу жүргізіледі. Бұл ретте есеп учаскелеріне бөлу жоғарыда келтірілген интервьюерлерге жүктеме нормаларына сәйкес жүргізіледі.

Дала жұмыстарын жүргізер алдында санақты аудандастырудың түпкілікті қорытындылары тізімдер түрінде және нұсқаушылық және есеп учаскелерінің шекаралары нақты белгіленген картографиялық жоспарларды дайындау түрінде тіркеледі.

Елді мекендердің картографиялық материалын дайындау және пайдалану бойынша түсініктемелер 2-қосымшада келтірілген.

Санақты аудандастыруды техникалық орындау «Ұлттық санақ» АЖ-да, «Аудандастыру» автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО) модулінде жүзеге асырылады. Бұл модуль ауыл шаруашылығы құралымдарының, жеке тұрғын үй шаруашылықтарының, жер учаскелері бар тұрғын үйлердің тізімдерін пайдаланады.

«Аудандастыру» АЖО-дағы жұмыстың мынадай алгоритмі анықталады:

1. Нұсқаушы нұсқаушылық учаскелерді (НУ) құрады;
2. Әрбір НУ шегінде орта есеппен 4 есеп учаскесі (ЕУ) құрылады;
3. Учаскелер нөмірленеді: нұсқаушылық – елді мекен шегінде, есеп – нұсқаушылық учаске шегінде;
4. Процестің дәлдігі мен тиімділігін арттыру үшін Аудандастыру Бюроның аумақтық бөлімшелерінің облыстық және аудандық статистика басқармаларының

қызметкерлерімен бірлесіп жүзеге асырылады. Санақ мониторингі модулінде әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуші (ӨАОЖ), НУ, ЕУ(ТУ) және интервьюерлер бөлінісінде жиынтық деректерді қалыптастыру көзделген, бұл деректерді кешенді бақылау мен талдауды қамтамасыз етеді.

Нұсқаушылар мен интервьюерлердің жұмыс тәртібінің толық сипаттамасы Санақ персоналының нұсқаулығында келтірілген.

Санақты аудандастыру жүргізілгеннен кейін санақтың әр кезеңіне 3-қосымшаның 1-5-кестелеріне сәйкес есептеулер жүргізіледі:

1. Алдын ала, нұсқаушылық және есеп учаскелерінің санын анықтау;
2. Есеп учаскелерінің шекараларын анықтау (схемалық жоспарлар);
3. Санақ персоналын учаскелерге бекіту (нұсқаушыларды, интервьюерлерді анықтау);
4. Әр кезеңде бақылап аралап шығу графигі.

Санақ жүргізу барысы туралы есептілікті қалыптастыру, жоспардың толық қамтылуы мен орындалуына мониторинг жүргізу, интервьюерлердің жұмысын бағалау «Аудандастыру» АЖО санақ мониторингі модулінде көзделген.

Санақты аудандастырудың ұйымдастырушылық жоспарын Бюроның аумақтық бөлімшелері Іс-шаралар жоспарының мерзімдеріне сәйкес бекітеді және жүзеге асырады.

4. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және үйлестіру

2025 жылы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру Өкім бойынша құрылған арнайы құрылған комиссияға жүктелді.

Премьер-Министрдің орынбасарының басшылығымен арнайы комиссия санаққа дайындалу мен оны жүргізуге байланысты ұйымдастырушылық және нұсқаушылық мәселелерді шешеді және негізгі мемлекеттік органдар мен облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің бірінші басшыларын қамтиды.

Өңірлік және аудандық деңгейлерде әкімдердің өкімдеріне сәйкес санақ іс-шараларын жүргізуді үйлестіруді және жәрдемдесуді қамтамасыз ететін ұқсас өңірлік комиссиялар құрылды.

Санақты тиімді жүргізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы жұмыстарды бекітуді және міндеттердің аражігін ажырататын Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ағымдағы мәселелерді жедел шешу үшін санаққа дайындалу мен ұйымдастыруға жауапты Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

5. Бақылап аралап шығу

Бақылап аралап шығу санақ парақтары деректерінің дұрыстығын, респонденттерді қамтудың толықтығын тексеру, сондай-ақ интервьюерлердің жұмысын бақылау мақсатында жүргізіледі. Іріктеп бақылау аралау осы санақ парақтарының дұрыстығын және респонденттерді қамтудың толықтығын айқындау

үшін респонденттердің сауалнамасы кезеңінде және/немесе сауалнамасы аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Нұсқаушы бастапқы статистикалық деректерді талдайды және оларды ақпараттық жүйеде белгілеу арқылы тексеру үшін объектілерді анықтайды. Тізбеге күмән тудыратын есептер мен жазбалар, типтік емес мәндер, санаққа қатысудан бас тартқан субъектілер, бір интервьюерде қайталанатын жазбалар, сондай-ақ қосымша тексеруді талап ететін басқа да жағдайлар енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы санағын бақылап аралап шығуды нұсқаушы интервьюермен бірлесіп жүзеге асырады. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда деректер түзетіліп, түзету фактісі тіркеледі. Нұсқаушылар санақ парақтарын санақ объектілерін қамтудың толықтығы, парақтар мен деректемелерді толтырудың дұрыстығы мен толықтығы, деректердің арифметикалық-логикалық келісімділігі, сондай-ақ бұрмаланудың алдын алу үшін интервьюерлердің деректерді жинауға нақты қатысуы тұрғысынан тексереді. Егер тексеру барысында есепке алынбаған респонденттер анықталса, оларды санаққа енгізу қажет.

Интервьюерлердің деректерінде сәйкессіздіктер анықталған кезде нұсқаушы енгізген бақылап аралап шығу нәтижелері негізге алынады. Түзетулер елеулі немесе елеусіз деп жіктеледі.

Елеулі түзетулерге деректердегі елеулі өзгерістерді талап ететін жағдайлар жатады, мысалы, ақпараттың 50%-дан астамына әсер ететін түзетулер, үлкен көрініске әсер ететін жетіспейтін мәндерді қосу, интервьюердің деректеріндегі жүйелі қателерді анықтау, объектілердің нақты және мәлімделген сипаттамалары арасындағы елеулі сәйкессіздіктер немесе негізгі көрсеткіштердегі елеулі сәйкессіздіктер.

Елеусіз түзетулер – шағын түзетулер түпкілікті нәтижелерге әсер етпейтін, деректердің жалпы құрылымын өзгертпей, ұсақ қателерді түзету, жекелеген мәндерді түзету, қайталанатын жазбаларды жою сияқты әрекеттерді білдіреді.

6. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы

Санақ жүргізу ауыл шаруашылығы құралымдары мен халық арасында кешенді және кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын талап етеді. Әзірленген Медиа-жоспары санақтың мақсаттары мен міндеттерін, оны өткізу тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ респонденттердің міндеттерін түсіндіруге бағытталған түйінді іс-қимылдарды қамтуға тиіс.

Жоспар құру кезінде Бюроның аумақтық бөлімшелері жергілікті жағдайлардың ерекшеліктерін ескеріп, санақты тиімді жариялау үшін іс-шаралар форматтарын таңдауда бастама көтеруі керек. Ұсынылған байланыс құралдарының ішінде:

- бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар (теледидар, радио, интернет-басылымдар),
- әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді белсенді пайдалану (WhatsApp чаттары),
- әкімдік ғимараттарын қоса алғанда, билбордтар мен үлестірме материалдарды (флайерлерді) неғұрлым көп баратын орындарға орналастыру,
- ауылдық елді мекендердің тұрғындарымен жиналыстар мен кездесулер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірушілері арасында түсіндіру іс-шараларын өткізу.

Бюро деңгейінде халықты ақпараттандыру бойынша бірқатар қосымша шаралар іске асырылатын болады:

- ақпаратты респонденттің жеке кабинетінде орналастыру,
- «жүгіртпе» баспа нұсқасында мәліметтерді – статистикалық нысандар тізбесін жариялау,
- баннерді Бюроның ресми сайтының басты бетіне орналастыру,
- 1446 бірыңғай байланыс орталығының жұмыс істеуі, онда респонденттер санақ мәселелері бойынша кеңес ала алады,
- Санақ мерзімдері мен деректерді беру тәсілдері туралы ескертулері бар SMS-хабарламалар.

Бекітілген Медиа-жоспарға сәйкес Бюроның ресми интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерін, бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ салалық қауымдастықтардың, қоғамдық бірлестіктердің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресурстарын тарта отырып, ауқымды ақпараттық науқан өрістетілетін болады.

Ақпараттық науқанның негізгі екісі – ауыл шаруашылығы құралымдарының (онлайн-режимде) және жеке қосалқы шаруашылықтардағы санаққа қатысу міндеттілігі. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына кешенді көзқарас респонденттердің кең қамтылуын, барынша келуін және санақтың табысты жүргізілуін қамтамасыз етеді.

7. Деректерді өңдеу және сапаны бақылау

Алынған ауыл шаруашылығы санағы деректерін өңдеу және талдау мамандандырылған бағдарламалық шешімдерді (Pentaha, Apache SuperSet, ETL-құралдар, объектілік-реляциялық Дерекқорлар, сондай-ақ Open Source шешімдерінде әзірленген қосымшалар) пайдалана отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Бұл кезең ақпараттың дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Өңдеу процесі мыналарды қамтиды:

- «batch processing» режимінде күнделікті немесе жиірек кезеңділікпен деректерді мониторингтеуді қамтамасыз ететін жиынтық деректерді қалыптастыру;
- қателерді анықтау мен жою және деректердің үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін логикалық және арифметикалық бақылау;
- көрсеткіштің дұрыстығын бағалау үшін әкімшілік және балама дереккөздердің деректерімен, ағымдағы статистикалық бақылаулардың нәтижелерімен, сондай-ақ 2006-2007 жылдардағы санақтың жекелеген деректерімен салыстырмалы талдау (егіс алаңы, ауыл шаруашылығы жануарларының саны, ауыл шаруашылығы техникасының саны, құрылыстар мен имараттардың болуы);
- аграрлық саясатта негізделген шешімдер қабылдау үшін ауыл шаруашылығындағы тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау.

Рұқсат етілген шектерден асатын мәндерді түзетуге, сондай-ақ экстремалды, типтік емес және жоқ деректерді анықтауға ерекше назар аударылады. Бұл процесс Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы басшысының 2025 жылғы 21 ақпандағы №48 бұйрығымен бекітілген, Бастапқы статистикалық және әкімшілік деректерді редакциялау және импутациялау жөніндегі әдіснамалық ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Тексерілген бастапқы статистикалық деректер негізінде санақтың негізгі көрсеткіштерін қамтитын санақтың түпкілікті қорытындылары қалыптастырылады: ауыл шаруашылығы өндірушілерінің саны (шаруа және фермер қожалықтары, ауыл шаруашылығы ұйымдары, жеке қосалқы шаруашылықтар), егістік алқаптары мен өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері, шаруашылық санаттары бойынша мал басы мен құс саны, аграрлық сектордың техникамен, жабдықпен және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі, органикалық өнім өндіру және т.б.

Деректерді өңдеу мерзімі бекітілген Іс-шаралар жоспарымен регламенттеледі.

4 тарау. Қорытынды бөлім

1. Ауыл шаруашылығы санағының қорытындыларын жариялау

Ауыл шаруашылығы санағының қорытындыларын дайындау және жариялау – ресми статистикалық ақпараттың ашықтығын, қолжетімділігін және кеңінен таралуын қамтамасыз етуге бағытталған санақ процесінің негізгі кезеңдерінің бірі. Санақ нәтижелері ауыл шаруашылығының жай-күйін талдауға, оның серпінін бағалауға және мемлекеттік қолдаудың тиімді шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Санақ қорытындыларын жариялау Бюроның www.stat.gov.kz ресми сайтында «Ұлттық санақ» бөлімінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық форматта жүзеге асырылады.

Қорытынды деректерді қалыптастыру және жариялау Іс-шаралар жоспарына және Күнтізбелік жоспарға сәйкес екі кезеңде жүргізіледі:

- алдын ала қорытындылар – 2025 жылғы желтоқсан;
- түпкілікті қорытындылар – 2027 жылғы 1-2 тоқсанда.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін санақтың түпкілікті қорытындылары әр түрлі форматта ұсынылады:

- деректерді талдаудың икемділігін қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштерді визуализациялау үшін интерактивті дашборд;
- қажетті жіктелім мен нақтылауды таңдау мүмкіндігі бар машинада оқылатын форматтағы шығыс кестелері;
- санақтың негізгі қорытындыларын қамтитын PDF форматындағы қысқаша статистикалық жинақ.

Сонымен қатар, ресми баспасөз-релиздер, брифтер және электрондық кестелер қарастырылған.

Қосымшалар

2025 жылғы ұлттық ауыл
шаруашылығы санағын
өткізудің әдіснамалық
және ұйымдастырушылық
түсіндірмелеріне
1-қосымша

Үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеуге арналған қалалар тізімі

№	ЭАОЖ*	Қалалардың атауы (орыс тілінде)	№	ЭАОЖ *	Қалалардың атауы (орыс тілінде)
1	1018100001	Курчатов қ.	36	3521100001	Приозерск қ.
2	1036201001	Аягоз қ.	37	3522100001	Сарань қ.
3	1042211001	Шар қ.	38	3524100001	Темиртау қ.
4	1116100001	Косшы қ.	39	3528100001	Шахтинск қ.
5	1118100001	Степногорск қ.	40	3532201001	Абай қ.
6	1132201001	Акколь қ.	41	3548201001	Каркаралинск қ.
7	1138201001	Атбасар қ.	42	3916100001	Аркалык қ.
8	1140201001	Макинск қ.	43	3920100001	Лисаковск қ.
9	1145201001	Степняк қ.	44	3924100001	Рудный қ.
10	1146201001	Ерейментау қ.	45	3944201001	Житикара қ.
11	1148201001	Есиль қ.	46	3954201001	Тобыл қ.
12	1154201001	Державинск қ.	47	4319100001	Байконыр қ.
13	1170201001	Щучинск қ.	48	4332201001	Аральск қ.
14	1532201001	Алга қ.	49	4344231001	Казалинск қ.
15	1548201001	Кандыағаш қ.	50	4718100001	Жанаозен қ.
16	1548231001	Эмба қ.	51	4752201001	Форт-Шевченко қ.
17	1548251001	Жем қ.	52	5516100001	Аксу қ.
18	1556211001	Темир қ.	53	5522100001	Экибастуз қ.
19	1560201001	Хромтау қ.	54	5936201001	Булаево қ.
20	1564201001	Шалкар қ.	55	5952201001	Мамлютка қ.
21	1918100001	Алатау қ.	56	5956201001	Сергеевка қ.
22	1940201001	Есик қ.	57	5960201001	Тайынша қ.
23	1952201001	Каскелен қ.	58	6116100001	Арысь қ.
24	1962201001	Талғар қ.	59	6120100001	Кентау қ.
25	2336201001	Кульсары қ.	60	6138201001	Жетысай қ.
26	2736201001	Ақсай қ.	61	6154201001	Сарыағаш қ.
27	3160201001	Жанатас қ.	62	6158201001	Ленгер қ.
28	3162201001	Каратау қ.	63	6164201001	Шардара қ.
29	3166211001	Шу қ.	64	6218100001	Каражал қ.
30	3318100001	Текели қ.	65	6220100001	Сатпаев қ.
31	3334201001	Ушарал қ.	66	6324100001	Риддер қ.
32	3344201001	Уштобе қ.	67	6346201001	Зайсан қ.
33	3346201001	Жаркент қ.	68	6348201001	Алтай қ.
34	3348201001	Сарқан қ.	69	6348211001	Серебрянск қ.
35	3516100001	Балхаш қ.	70	6368201001	Шемонаиха қ.

*- Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші.

2025 жылғы ұлттық ауыл
шаруашылығы санағын
өткізудің әдіснамалық және
ұйымдастырушылық
түсіндірмелеріне
2-қосымша

**2025 жылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы санағын
жүргізу кезінде елді мекендердің картографиялық материалын дайындау
және пайдалану бойынша түсініктемелер**

1. 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағының схемалық материалдарына қойылатын талаптар (бұдан әрі - санақ).

1.1. Әкімшілік аудандардың схемалық карталары 1:100000 масштабта, ал халық тығыз орналасқан аудандарда 1:50000 масштабта орындалады. Карталарда: әкімшілік аудандардың, кенттердің, ауылдық округтердің шекаралары, барлық қалалық және ауылдық елді мекендер, елді мекендер арасындағы қашықтықты километрмен көрсетілген жол желісі, гидрографиялық желі, орман алқаптары көрсетілуі тиіс.

1.2. Елді мекендердің схемалық жоспарлары 1:2000 масштабында, ал құрылыс алаңы 10 шаршы км асатын 6 мың және одан да көп адамы бар қалалар, кенттер және ауылдық елді мекендер үшін – 1:3000-нан кем емес масштабта орындалады.

Елді мекендерді салудың схемалық жоспарларында: кварталдардың, шағын аудандардың және басқа да тұрғын алаптардың кодтық белгілері (нөмірлері) көрсетілген контурлары; көшелер, алаңдар, тұйық көшелер, өтпелер, тұйықтар, бульварлар, олардың атаулары көрсетілген жағалаулар; тұрғын үйлер, денсаулық сақтау және білім беру объектілері, сауда-ойын-сауық мекемелері, кәсіпорындар, қонақ үйлер, әкімшілік ғимараттар, әлеуметтік нысандар, пошта бөлімшелері, теміржол вокзалдары, әуежайлар, автовокзалдар және мекенжайлары көрсетілген басқа да маңызды объектілер көрсетілуі тиіс. Схемалық жоспарларда қалалық және ауылдық елді мекендердің шекаралары, аудандардың шекаралары да көрсетіледі.

1.3. Гидрография объектілері (өзендер, көлдер, тоғандар және т.б.), темір және автомобиль жолдары, сондай-ақ орман алқаптары егжей-тегжейлі көрсетілмеген.

1.4. Ірі өнеркәсіптік және өндірістік кешендер, оның ішінде салынып жатқан объектілер, сондай-ақ ірі базарлардың аумақтары жекелеген ғимараттардың егжей-тегжейлі суретінсіз жалпы контурлармен белгіленеді.

2. Алдын ала және негізгі кезеңдер үшін схемалық жоспарларды тираждау мынадай мөлшерде жүзеге асырылады:

- қалалар – алдын ала және негізгі кезеңдер үшін 4 (төрт) дана,
- елді мекендер – негізгі кезең үшін 2 (екі) дана,
- нұсқаушылық учаскелер саны 3 бірліктен асатын елді мекендерде нұсқаушылар үшін қосымша дананы тираждауға жол беріледі (қажет болған жағдайда),
- аудандар - 1 (бір) дана (қажет болған жағдайда).

Көрсетілген даналар саны максималды болып табылады. Қажет болған жағдайда жоспарлардың қажеттіліктері мен электрондық нұсқаларының болуына

байланысты тиражды қысқартуға/қайта бөлуге жол беріледі. Күрделі маршруттық желі олардың болуын талап ететін жағдайларды қоспағанда, 1 000-нан аз тұрғын үйлері бар елді мекендер үшін карталарды тираждау ұсынылмайды.

2.1 Алдын ала кезеңге дайындық кезінде мынадай жұмыстарды жүзеге асыру керек:

- санаққа дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы (бұдан әрі – Нұсқаушы) санаққа дайындық және оны жүргізу процесіне тартылған аудандық (қалалық) статистика басқармаларының (бөлімдерінің) (бұдан әрі – А(Қ)СБ(Б) мамандарымен бірлесіп, қалалардың схемалық жоспарларының бір данасында тіркеу, нұсқаушылық учаскелерінің шекараларын салады;

- нұсқаушылар жеке қосалқы шаруашылық үшін жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтарының тізімін (бұдан әрі – тізім) жасайды;

- жоспарлардың даналары нұсқаушылық (қажет болған жағдайда) және тіркеу учаскелері бойынша кесіледі және нұсқаушылар мен интервьюерлерге беріледі. Тізімдерді жасау аяқталғаннан кейін интервьюерлер оларды А(Қ)СБ(Б)-ға қайтарады.

2.2 Негізгі кезеңге дайындық кезінде:

- нұсқаушы санаққа дайындық және оны жүргізу процесіне тартылған А(Қ)СБ(Б) мамандарымен бірлесіп, нұсқаушылық және есеп учаскелерінің шекараларын елді мекендердің схемалық жоспарларының бір данасына салады;

- ұйымдастыру жоспары бекітілгеннен кейін облыстық (қалалық) статистика департаменттері схемалық жоспарларды А(Қ)СБ(Б)-ға қайтарады;

- нұсқаушылар жеке қосалқы шаруашылыққа арналған жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтарының тізімін жасайды;

- жоспарлардың даналары нұсқаушылық (қажет болған жағдайда) және тіркеу учаскелері бойынша кесіледі және еңбек шарты (бұдан әрі – ЕШ) және интервьюерлер бойынша нұсқаушыларға беріледі. Тізімдерді жасау аяқталғаннан кейін интервьюерлер оларды А(Қ)СБ(Б) - ға қайтарады.

2.3 Аудандардың схемалық жоспарлары мен карталарының қалған даналарында Нұсқаушылар мен А(Қ)СБ(Б) басшылары (мамандары) ұйымдастыру жоспары бекітілгеннен кейін негізгі кезеңнің нұсқаушылық және есеп учаскелерінің шекараларын белгілейді.

2.4 Есепті учаскелер бойынша негізгі кезеңнің интервьюерлерін бөлу кезінде жоспарлардың даналары есеп және нұсқаушылық (қажет болған жағдайда) учаскелер бойынша кесіледі және негізгі кезеңнің нұсқаушылары мен интервьюерлеріне беріледі.

Бірнеше схемалық жоспарлар болған жағдайда оларды нөмірлеу жүзеге асырылады.

2.5 Санақ жүргізілгеннен кейін жоспарлардың барлық бөліктері санақ персоналынан жиналады және одан әрі сақтау немесе жою туралы АБ нұсқаулар алғанға дейін А(Қ)СБ(Б)-да сақталады.

2025 жылғы ұлттық ауыл
шаруашылығы санағын
өткізудің әдіснамалық
және ұйымдастырушылық
түсіндірмелеріне
3-қосымша

Ұйымдастыру жоспарының кестелері

Алдын ала кезең

1-кесте Қалалардағы үй шаруашылықтарын аралап шығудың алдын ала кезеңі (листинг)

Дайындық мерзімі 20 мамыр (елді мекендер деңгейінде, өңірлерге біріктіре отырып)

Өңірлер	Үй шаруашылықтарының саны	Жүктеменің орташа нормасы	НУ саны	ТУ саны	Жоспар: (үй шаруашылықтарын бір күнде аралап шығу саны)
Қазақстан Республикасы					
Абай					
Ақмола					
Ақтөбе					
Алматы					
Атырау					
Батыс Қазақстан					
Жамбыл					
Жетісу					
Қарағанды					
Қостанай					
Қызылорда					
Маңғыстау					
Павлодар					
Солтүстік Қазақстан					
Түркістан					
Ұлытау					
Шығыс Қазақстан					

Негізгі кезең

2-кесте. Санақ персоналының ЖҚШ үшін алдын-ала есебі

Дайындық мерзімі 15 шілде (елді мекендер деңгейінде, өңірлерге біріктіре отырып)

[illegible]

Шығыс Қазақстан												
--------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

3-кесте. Онлайн сауалнамада АШҚ сауалнамасының жоспарлы мәнін есептеу

Дайындық мерзімі 15 шілде (елді мекендер деңгейінде, өңірлерге біріктіре отырып)

Өңірлер	АШҚ саны*			Жүктеменің орташа нормасы (бекітілген)	Алдын ала учаскелер саны		Жоспар: онлайн сауалнама кезінде бір күндегі АШҚ саны		
	барлығы	оның ішінде			НУ	ЕУ	барлығы	оның ішінде	
		АШҚ	ШФҚ/ДК					АШҚ	ШФҚ/ДК
Қазақстан Республикасы									
Абай									
Ақмола									
Ақтөбе									
Алматы									
Атырау									
Батыс Қазақстан									
Жамбыл									
Жетісу									
Қарағанды									
Қостанай									
Қызылорда									
Маңғыстау									
Павлодар									
Солтүстік Қазақстан									
Түркістан									
Ұлытау									
Шығыс Қазақстан									
Астана қ.									
Алматы қ.									
Шымкент қ.									

*АШҚ-ауыл шаруашылығы құралымдары

4-кесте. Интервьюерлердің аралап шығуына ЖҚШ үшін санақ персоналының түпкілікті есебі

Дайындық мерзімі – 15 қыркүйек (елді мекендер деңгейінде, өңірлерге біріктіре отырып).

[illegible]

Ұлытау															
Шығыс Қазақстан															

5-кесте. АШҚ үшін санақ персоналының түпкілікті есебі

Дайындық мерзімі – 15 қыркүйек (елді мекендер деңгейінде, өңірлерге біріктіре отырып).

Өңірлер	Онлайн сауалнамадан өтпеген АШҚ саны			Орташа жүктеме нормасы (бекітілген)	Учаскелер саны		Жоспар: (АШҚ бір күнде аралап шығу саны)
	Барлығы	оның ішінде			НУ	ЕУ	
		АШҚ	ШФҚ/ДК				
Қазақстан Республикасы							
Абай							
Ақмола							
Ақтөбе							
Алматы							
Атырау							
Батыс Қазақстан							
Жамбыл							
Жетісу							
Қарағанды							
Қостанай							
Қызылорда							
Маңғыстау							
Павлодар							
Солтүстік Қазақстан							
Түркістан							
Ұлытау							
Шығыс Қазақстан							
Астана қ.							
Алматы қ.							
Шымкент қ.							

2025 жылғы ұлттық ауыл
шаруашылығы санағын
өткізудің әдіснамалық
және ұйымдастырушылық
түсіндірмелеріне
4-қосымша

**Ауыл шаруашылығы санағына дайындық және оны жүргізу жөніндегі
санақ персоналының саны**

Облыстардың атауы	Санаққа дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімдер		Нұсқаушылар	Интервьюерлер	
	Бөлім басшысы	Нұсқаушылар (С-2, С-3)		Алдын ала кезең	Негізгі кезең
Қазақстан Республикасы	17	40	874	219	3507
Абай	1	2	35	7	141
Ақмола	1	3	58	25	234
Ақтөбе	1	2	30	13	121
Алматы	1	4	113	31	451
Атырау	1	2	29	4	116
Батыс Қазақстан	1	2	44	4	177
Жамбыл	1	3	67	10	270
Жетісу	1	2	48	21	194
Қарағанды	1	2	38	16	152
Қостанай	1	2	47	11	190
Қызылорда	1	2	46	7	185
Маңғыстау	1	2	34	3	135
Павлодар	1	2	33	7	131
Солтүстік Қазақстан	1	2	43	8	173
Түркістан	1	5	159	34	636
Ұлытау	1	1	8	3	32
Шығыс Қазақстан	1	2	38	15	152
Астана қ.	-	-	1	-	2
Алматы қ.	-	-	1	-	5
Шымкент қ.	-	-	2	-	10